

**Студенттерді босаған ваканттық орындарға (ақылы топтан бюджеттік топқа ауыстыру) орналастыру комиссиясының
№5 ХАТТАМАСЫ**

Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі

25 қаңтар 2022 жыл

Кеңес төрағасы:

Нұржауова Н.М.

Хатшысы:

Ембергенов Қ.Н.

Қатысқандар:

Мүшелері:

1. Король Алла Васильевна-директордың орынбасары
2. Сапарбекова Гүлнар Жайдарқызы-директордың орынбасары
3. Карабалина Гульнар Сабитовна- ПЦК жетекшісі
4. Есенгулова Шынар Калменбаевна –ПЦК жетекшісі
5. Абуева Гулбаршын Тузелбайқызы – студенттік кеңес мүшесі
6. Адилова Сая Айдынгалиевна – студенттік кеңестің төрайымы
7. Мусаев Талғат –ата-аналар комитетінің төрағасы

Шақырумен қатысқандар: Жакетова С.Б, Есиповская Н.В, Жұмағазы Ж.С,
Шайжанова А.А, Қуатбеков А.М, Төрехан А.

Күн тәртібі:

1. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру туралы (Король А.В.)

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі директорының орынбасары Король А.В. хабарлама жасады.

ПКК-308 оқу тобының студенті Мықтыбай Зарина Нуржанқызы, ПКК-292 оқу тобының студенті Ерубаяев Арыстан Тунгатулы белгісіз себептермен сабақтан көп қалуына байланысты оқудан шығарылды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы қарулы күштері қатарында әскери борышын өтеуге шақырылуы себебімен АКК-291 оқу тобының студенті Қасымов Бекзат Мирамбекұлының орны босады. Соның нәтижесінде жергілікті бюджет есебінен оқитын оқу топтарында вакансиялық орын пайда болды. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру туралы хабарлама колледж сайтына орналастырылды. Нормативті белгіленген мерзімде үміткер ретінде ПКК-319 оқу тобының студенті ақылы негізде білім алушы 15.04.2004 жылы туған Макаров Роман Николаевичтен, ПКК-302 оқу тобының студенті ақылы негізде білім алушы 16.09.2003 жылы туған Коротких Яна Владимировнадан, АКД-300 оқу тобының студенті ақылы негізде білім алушы 11.10.2003 жылы туған Олжабаев Саят Канатовичтен, сұраныс түсті. Ақылы топта оқитын студенттердің оқу жетістігі және статусы, тәрбиелік деңгейі жан-жақты зерттеліп, талдау жасалды. Соның нәтижесінде сәйкесті мамандық бойынша ақылы негізде білім алушы ПКК-319 оқу тобының студенті Макаров Роман Николаевич, ПКК-302 оқу тобының студенті Коротких Яна Владимировна, АКД-300 оқу тобының студенті Олжабаев Саят Канатович ақылы топтан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын топқа ауыстыру ұсынылады

Шығып сөйледі:

1.Қуатбеков Асхат Мекеевич – ПКК-302 оқу тобының кураторы.

ПКК-302 оқу тобының студенті Коротких Яна Владимировна мәліметтер бойынша барлық сабақтардан білім деңгейі жаман емес, қалыпты нәтиже көрсетіп келе жатқан студент ретінде бағаланады. Оқуға көзқарасы, тәрбиелік деңгейі, отбасылық жағдайлары қосымша көмектесуді қажет ететіндігін көрсетеді. Ұсынысты қолдаймын.

2.Шайжанова Арман Абаевна – ПКК-319 оқу тобының кураторы.

ПКК-319 оқу тобының студенті Макаров Роман Николаевич бірінші және екінші курс бойынша теориялық және практикалық білімдерге бөлінген сағаттарға байланысты жақсы нәтиже көрсетіп келеді. Оқуға көзқарасы, талпынысы өте жақсы, тәрбиелік деңгейі бірқалыпты, отбасылық жағдайлары қосымша көмектесуді қажет етеді. Ұсынысты қолдаймын.

3. Төрехан Айдана – АҚД-300 оқу тобының кураторы.

АҚД-300 оқу тобының студенті Олжабаев Саят Канатович теориялық және практикалық білімдерге бөлінген сағаттарға байланысты өте жақсы нәтиже көрсетіп келеді. Білім алуға ұмтылысы құптарлық, талпынысы өте жақсы, тәрбиелік деңгейі орнықты, отбасылық жағдайлары қосымша көмектесуді қажет етеді. Ұсынысты қолдаймын.

4. Есенгулова Шынар Калменбаевна - химия пәнінің оқытушысы.

Ұсынылып отырған студенттерге дәріс беремін. Балаларды жақсы білемін. Олар сабаққа тыңғылықты дайындалып келеді. Үлгірімдері жақсы, материалды ұқыпты игереді. Тәрбиелік деңгейіне ешқандай қарсылығым жоқ. Отбасылық жағдайлары ауырлау екен. Сондықтан да босаған орындарды ақылы топта оқитын балаларға беру ұсынысын қолдаймын.

5. Абуева Гулбаршын Тузелбайқызы – студенттік кеңес мүшесі

Аталған студенттер колледжде өткізілетін іс-шараларға қалмай қатысады. Біздің қатарымызда, белсенділігі бар, шараларға жақсы араласады. Үнемі бізге көмектеседі. Әсіресе, жуырда өткізілген қайырымдылық акциясында өздерін өте жақсы қырынан көрсетті. Мүмкін болса барлық балаларға да кезең-кезеңімен осындай қадамдарға барған дұрыс болар еді. Мәселенің шешімін қолдаймын.

Студенттерді босаған ваканттық орындарға (ақылы топтан бюджеттік топқа ауыстыру) орналастыру комиссиясы шешім етеді:

1. Ақылы негізде білім алушы ПКК-319 оқу тобының студенті Макаров Роман Николаевич, ПКК-302 оқу тобының студенті Коротких Яна Владимировна, АҚД-300 оқу тобының студенті Олжабаев Саят Канатович мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша тегін оқитын оқу тобына ауыстыру ұсынылсын.

Төраға:
Хатшы:



Нұржауова Н.М.
Ембергенов Қ.Н.

Таныстым:



Король А.В.
Сапарбекова Г.Ж.
Карабалина Г.С.
Есенгулова Ш.К.
Абуева Г.Т.
Адилова С.А.
Мусаев Т.Қ.